

«Сейфуллин оқулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022.-Т.І, Ч.IV. – Б.22-26

ТАБИҒИ-КЛИМАТ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ АУЫЛ МЕН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

Д.Т. Ахметова, доцент, э.ғ.к

А.К. Байдаков, қауымдастырылған профессор, э.ғ.к.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Қазіргі таңда көптеген ауылдық аймақтар дағдарыс жағдайында, ол демографиялық жағдайдың нашарлауынан, ауылдық тұрғындардың өмір сүру деңгейінің және сапасының төмендігінен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейінен, табиғи ресурстарды тиімсіз пайдаланудан көрініс табуда [1]. Осыдан ауылдық аймақтардың тұрақты әлеуметтік- экономикалық дамуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайы қазіргі таңда басты мәселелердің бірі. Экономика қоғамында ауыл болашағы әлемдік өзгерістерге сәйкес көптеген факторлардың, яғни табиғи-климат жағдайы, демографиялық, саяси-әлеуметтік, өндірістік- экономикалық, халықтың тұрмыс деңгейі және тағы басқалардың әсерімен анықталады. Қазір адамдарға Жердің ауасы, суы және топырағы бір және біртұтас организм екенін түсінетін заман келді. Сонымен қоса сол үшеуінің бірінің өзгеруі басқа орталардың өзгеруіне әкелетініде анық. Себебі оларда болып жатқан процестер өзара байланысты және өзара тәуелді. Мұндай түсініктен табиғатты пайдалану заңдылықтарын бұзу адамдардың тірі және болашақ ұрпақтары үшін қауіпті, тіпті қайғылы зардаптарға әкелуі мүмкін екені де баршамызға мәлім. Бұған жол бермеу үшін табиғаттың адам қоғамымен қарым-қатынасын білу керек. Бұл арада біз климатты тұрақтандыру, парниктік газдар, төмен көміртекті экономикаға көшу мәселесі туралы айтуға болады. Мысалы, 2015 жылғы Париж келісімінде қатысушылар климаттың өзгеруінен ғана емес, оның салдарын жеңілдету үшін қабылданған шаралардың әсерінен де зардап шегуі мүмкін екендігін атап өтті. Осы бағытта «Жаңа климаттық экономика» (New climate economy) атты баяндамада тұрақты өсім тек энергияны, өнімдерді және өндіріс тауарларын өндіруге арналған түбегейлі жаңа бизнес үлгілері арқылы мүмкін болады деп атап өтілген.

Өмір салты - бұл адамдар өмірінің әртүрлі жақтарының, олардың күнделікті тәжірибедегі мінез-құлқының жиынтығы. Сайып келгенде, өмір салты белгілі бір қоғамның нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен, өндіргіш күштердің даму деңгейімен, қоғамдық қатынастардың сипатымен анықталады. Бұл арада ауыл мен қала тұрғындарының да өмірлерінің сан алуан аспектілері табиғи-климат жағдайларымен байланысты. Сол себептен ауыл халқы мен қала тұрғындарының жағдайы бойынша салыстырма сараптама жүргізуді жөн көрдік.

Ең алдымен халық саны есепке алынады. Ақмола облысының ауылдық және қалалық жерлердегі тұрғындарын қарастырсақ 2021 жылы ауыл тұрғындары 386246 адам құраған, яғни қала тұрғындарынан 36926 адамға немесе 10,6% артық. Ал, ауыл тұрғындары бойынша 2021 жылды 2020 жылмен салыстырсақ Көкшетау қ.э халқы 140 адамға немесе 1,2%-ға және Целиноград ауданы-2350 адамға немесе 2,9%-ға көбейген, керісінше қалған аудандарда халық саны 0,5-2,9 аралығында қысқарғанын көруге болады. Ауыл тұрғындарының еңбегі мен жұмыспен қамтылғандығы жайлы талдаулар жүргізілгенде негізгі есепке алынатыны бұл ең алдымен, экономикалық белсенді халық, яғни жұмыс күші, жұмысқа қабілетті жастағы адамдар, жалпы белсенділік деңгейі, жұмыспен қамтылған халық саны мен қамтылу деңгейі [2]. Оған қоса жұмыссыздықпен жұмыссыздық деңгейі, жалақы мөлшері ескеріледі. Сондықтан Ақмола облысының еңбек нарығының негізгі индикаторларын қарастырайық (1-кесте).

1- кесте. Халықтың еңбек нарығындағы негізгі индикаторлары

Көрсеткіш	2017 ж		2018ж		2019 ж		2020 ж		2021ж	
	қала	ауы л	қал а	ауы л	қал а	ауы л	қал а	ауы л	қал а	ауы л
Жұмыс күші, мың адам	204,3	224,6	203,6	225,6	202,7	225,6	194,7	223,8	193,5	229,9
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	195,5	212,8	194,7	214,0	194,0	214,0	186,2	211,8	185,1	211,9
соның ішінде										
жалдамалы қызметкерлер , мыңадам	145,6	123,1	145,9	128,2	146,7	130,8	142,0	130,7	141,6	130,6
өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, мың адам	49,9	89,7	48,8	85,8	47,3	83,2	44,2	81,1	43,5	81,3
Жұмыссыз халық, мыңадам	8,8	11,8	8,9	11,6	8,7	11,6	8,5	11,8	8,4	12,1
Жұмыссы здық деңгейі,%	4,3	5,2	4,4	5,2	4,3	5,1	4,4	5,3	4,4	5,4
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, мың адам	62,2	70,9	61,2	73,7	60,4	74,7	66,6	74,7	67,9	73,3

Кестеден 2021 жылды 2020 жылмен салыстырсақ экономикалық тұрғыдан

белсенді қалалық жерлердегі халық 0,6%, жұмыспен қамтылған халық 0,6%, өздігінше жұмыс қамтылғандар 1,6%, жалдамалы қызметкерлер 0,3%, жұмыссыз халық 1,2% төмендеген, ал ауылдық жерлердегі халықтың жұмыспен қамтылуын 2021 жылды 2020 жылмен салыстырсақ экономикалық тұрғыдан белсенді халық 2,7%, жұмыспен қамтылған халық 0,04%, өздігінше жұмыс қамтылғандар 0,2%, жұмыссыз халық 2,5% жоғарылаған, жалдамалы қызметкерлер 0,08% төмендеген. Кестедегі мәліметтер бойынша экономикалық тұрғыдан белсенді халық арасынан жұмыспен қамтылған халық санының жұмыссыздарға қарағанда басым екендігін байқауға болады.

Қалалық және ауылдық жерлердегі халықтың орташа жан басына шаққандағы табыстары 2-кестеде берілген.

2-кесте. Қалалық және ауылдық жерлердегі халықтың орташа жан басына шаққандағы табыстары

Жылдар	Орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыс, теңгемен									
	Барлығы	соның ішінде								
		Еңбек қызметінен	оның ішінде		Әлеуметтік трансферттер				Меншіктен	Туыстарынан материалдық көмек, алименттер, және өзге де
		Жалдамалы	Өзін-өзі жұмыспен қамтудан	Зейнетақ	Жәрдема	АӘК және	Шәкіртак			
Қалалық жерлерде										
2017	58689 5	39832 2	356273	42049	14033 5	24427	267	212 4	209 4	19326
2018	64854 5	43821 5	389039	49176	15326 2	25640	549	186 9	160 4	27406
2019	73692 1	49070 0	431802	58898	18745 6	27791	3886	220 3	382 4	21051
2020	81443 0	49051 3	451992	38512	24966 0	34234	691	364 3	556 0	30129
2021	93122 1	59293 6	547175	45761	25554 5	36063	456	312 8	592 5	37168
Ауылдық жерлерде										
2017	47273 8	35794 2	285302	72640	7521 6	20282	-	206 0	298 1	14257
2018	54061 9	39635 0	315637	80713	9143 3	20652	117	198 7	602 0	24060
2019	58418 1	42922 6	350938	78288	10124 6	18529	1193	412 3	603 1	23833
2020	70572 2	48091 8	382351	98567	14233 5	35446	951	616 5	792 1	31986
2021	80183 1	57141 9	446043	125376	14399 5	33086	373	668 1	520 0	41077

Кестеден 2021 жылғы ауылдық жерлердегі халықтың орташа жан басына

шаққандағы ақшалай табысын қалалық жерлердегі халықтың табысымен салыстырсақ еңбек қызметінен түскен табыстар 21517 теңгеге немесе 3,6%, оның ішінде жалдамалы жұмыстан түскен табыс 101102 теңгеге немесе 18,5% аз, ал керісінше өз бетінше жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс 79615 теңгеге немесе 2,7 есе артқан. Әлеуметтік трансферттер бойынша зейнетақы 111550 теңгеге немесе 43,7%, жәрдемақы 2977 теңгеге немесе 8,3%, АӘК және тұрғын үй көмегі 83 теңгеге немесе 18,2%, меншіктен түскен табыс 725 теңгеге немесе 12,2% азайған, ал шәкіртақы 3553 теңгеге немесе 2,1 есе және туыстарынан материалдық көмек, алименттер, және өзге де табыстар (10,5%) артқан.. Жалпы алғанда ауыл тұрғындарының табысы қала тұрғындарының табысынан 13,9% кем.

Қалалық және ауылдық жерлердегі халықтың орташа жан басына шаққандағы шығыстарын қарастырайық (3-кесте)

3-кесте. Ауыл және қала тұрғындарының орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыстары

Жылдар	Орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыстар, теңгемен							
	Барлығы	Тұтыну шығыстары	соның ішінде			Таныстарға, туыстарға	Салық, төлем	Кредитерлі
			азық-түлік	азық-түлік	ақылы			
Қалалық жерлерде								
2017	608964	531 507	268609	135301	127597	18721	672	58064
2018	711943	629968	346985	152190	130793	29547	1266	61162
2019	783925	687397	403424	146503	137470	15520	1120	79888
2020	851395	751717	465482	177378	108857	14885	1061	83732
2021	903245	794286	450742	202411	141133	21084	1217	86658
Ауылдық жерлерде								
2017	473520	420229	193532	151657	75040	19840	1289	32162
2018	526298	472747	237047	159730	75970	20351	1512	31688
2019	573456	503198	262868	157527	82803	23150	987	46121
2020	652139	583665	315746	195760	72159	18674	1289	48511
2021	728673	653202	340162	224035	89005	19567	1535	54369

Кесте мәліметтерінен 2021 жылғы тұрғындардың ақшалай шығыстарын салыстырсақ ауыл тұрғындары қала тұрғындарына қарағанда табыстарына сәйкес аз жұмсайды. Егерде қала тұрғындарының 2021 жылғы тұтыну шығыстары 903245 теңге құраса, ауыл тұрғындары 728673 теңге құраған, яғни 19,4% кем жұмсаған.

Ауылдық аймақтардың тұрақты дамуына жағдай жасау — мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі, оған қолжеткізу азық-түлік қауіпсіздігіне, қазақстандық аграрлық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Осы аталған факторлардың бірі ауыл тұрғындарының тамақ өнімдерін тұтынуы [3]. Қалалық және ауылдық жерлерде тұратын тұрғындарының тамақ өнімдерін тұтынуын қарастырсақ 2021 жылы Ақмола облысы бойынша қала тұрғындары нан өнімдері және жарма өнімдерін 12,61%-ға, картоп-6,1%-ға төмен тұтынады, ал ет және ет өнімдері 27,7%-ға, балық және теңіз өнімдері 14,8%-ға, сүт және сүт өнімдерін 27,7%-ға, жұмыртқа 38,8%-ға, жемістер-7,45%-ға, көкөністер-2,2%-ға, қант, джем, бал, шоколад пен кондитерлік өнімдерді 10%-ға жоғары тұтынуының өсуі байқалады.

Ауыл мен қалалық жерлердегі тұрғындарының жағдайын салыстыра келгенде, олардың денсаулық, әлеуметтік, мәдениет, гигиеналық мәселелерінде айырмашылық бар. Бұндай айырмашылықтарға көптеген факторлар өз әсерін тигізеді.

Ауылдық аймақтардың жағдайын сипаттайтын факторлардың қатарына әлеуметтік, демографиялық, экологиялық, шаруашылық және инфрақұрылымдық факторларды жатқызуға болады.

Ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін әлеуметтік факторлардың қатарына ауылдық жерлерде әлеуметтік, инженерлік және мәдени-тұрмыстық инфрақұрылымның дамуы, ауылдық қоғамдастықтағы моральдық-психологиялық ахуалдың тұрақтылығы, еңбек және мансаптық өсу жолдары, қолайлы жалақы ұсыну, жас мамандарды ауылға тарту, өндірістік-өткізу кооперациясын құру барысында халықты жұмыспен қамтуды дамыту, сондай-ақ әртараптандыруды дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру барысында жаңа мамандықтарды оқыту және т.б [4].

Экологиялық факторлар қатарына табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жүйесін дамыту; табиғатты қорғау және ландшафтты күту; ұлттық парктерді қалыптастыру, рекреациялық аймақтар және қорғалатын аумақтарға сараптама жасау жатқызылады. Аталған іс-шаралар бойынша аймақтардағы қоршаған ортаны қорғау жұмыстары, санитарлық-қорғау аймақтарын құру бағыттары, табиғи-қорық қорының аумақтарын анықтау жолдары, табиғи-ландшафтты аумақтардың экологиялық балансын қалыптастырудағы қызмет түрлері реттеледі.

Сонымен, ауылдық аймақтарды әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, экологиялық және инновациялық факторларды ескере отырып дамыту мынадай шараларды шешуге мүмкіндік береді:

- көлік инфрақұрылымын дамытудағы едәуір артта қалушылықты жою;
- ауыл экономикасын әртараптандыру және ауыл тұрғындарының кіріс көздерінің қалыптасуын кеңейту;
- тұрмыс деңгейі мен тұрмыс сапасын көтеру үшін шаруашылықта бар қолданыстағы ресурстарды жұмылдыру;

- бір-бірімен байланысты «өндіру-өңдеу-сату» азық-түлік жүйесін дамыту;
- ауыл шаруашылығында және оның шегінен тыс жерлерде халықтың табысын арттыруға бағытталған жаңа жұмыс орындарын құру және сақтау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Б.С. Есенгельдин, Л. Тылл, А.А. Абаев. Ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін факторлардың ерекшеліктері [Текст] / Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, - 2019. - №2.-С.18-28.

2 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Ақмола облысының Статистика департаменті. Қарағанды облысындағы халықтың тұрмыс деңгейі [Текст]/Статистикалықжинақ. 2017. – 136 бет.

3 Шормақова Ж. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде АӨК индустриялды-инновациялық дамыту қажеттілігі мен жүзеге асыру жолдары [Текст] / ҚазҰУ хабаршысы.– Алматы, -2018. -№5(93). –С. 88-92.

4 Utibayeva G.B., Implementation of the republican budget and assessment of agricultural financing [Текст] / Utibayev B.S., Zhunusova R.M., Baidakov A., Tukenova B.I. // entrepreneurship and sustainability issues, -Vol.7(2). -P.919-928.